

М.Х.ДУЛАТИ АТЫНДАҒЫ ТАРАЗ Өңірлік Университеті



**2024- 2025 оқу жылына арналған «Буллинг және кибербуллингті алдын алу
жұмыстары» психологиялық қызметтің
жұмыс жоспары**

Тараз 2024ж.

Жұмыс жоспары	Н 7-1.2.01 08.08.2023	 DULATY UNIVERSITY
---------------	--------------------------	--

2024- 2025 оқу жылына арналған «Буллинг және Кибербуллингті алдын алу жұмыстары» психологиялық қызметтің жұмыс жоспары

Университеттегі психологиялық қызметтің мақсаты:

- студенттердің психологиялық денсаулығын сақтау, қолайлы әлеуметтік-психологиялық жағдай жасау және білім беру үдерісіне қатысушыларға психологиялық қолдау көрсету.

Университеттегі психологиялық қызметтің міндеттері:

1. Білім алушылардың психикалық саулығын сақтау мен нығайтуды қамтамасыз ететін заңдылықтарды анықтау;

2. Студенттердің психикалық сферасының даму ерекшеліктері, тұлғалық қасиеттері мен қабілеттері, шеберліктері мен құзыреттіліктерін бағыттай отырып, үйлесімді тұлға ретінде өзін-өзі дамытуға және өзін-өзі жетілдіруге барынша қолдау көрсету;

3. Студенттердің тұлғалық дамуында мүмкін болатын қиындықтарды дер кезінде анықтау және алдын-алу (білім беру үдерісін қолдау, диагностикалық, коррекциялық-дамытушы, психологиялық кеңес беру жұмыстары);

4. Ұжымда жайлы психологиялық климатты орнату және сақтау, педагогтардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін дамыту;

5. Психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету аясында тұлғаның өзіндік санасы, өзін-өзі анықталу құбылысының, «Мен-концепциясының» қалыпты дамуына қолайлы жағдай жасау;

6. Оқу-тәрбие үдерісін жетілдіру мақсатында профессор-оқытушылар құрамына, әкімшілікке, қызметкерлерге тиімді психологиялық, педагогикалық, әдістемелік, тәжірибелік көмек көрсету;

7. Педагогикалық және білім алушылар ұжымының жұмыс қабілеттілігі мен ынтымақтастығын арттыратын іскерлік және тілектестік өндірістік қатынастарды қалыптастыруға оң ықпал ету;

8. Студенттердің тиімді және нәтижелі оқу іс-әрекетін қалыптастыру мақсатында психологиялық-педагогикалық қызметтің шығармашылық жаңартылған және инновациялық белсенді формаларын пайдалану;

№	Іс-шаралар атауы	Орындалу уақыты	Жауапты орындаушылар	Қатысушылар
I. ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕН				
1	«Буллинг және кибербуллингті алдын алу жолдары» бағдарлама бекіту	Қыркүйек	Психолог	Психолог
II. ПСИХОДИАГНОСТИКАЛЫҚ БАҒЫТ КЕШЕНІ				
1	«Буллинг және кибербуллинг зияны және алдын алу жұмыстары» тақырыбында студенттерге арналған сауалнама	Қазан	Психолог, декан орынбасарлары, тәрбие бөлімі маманы	1-4 курс студенттері
III. ПСИХОКОРРЕКЦИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ПСИХОТЕРАПИЯЛЫҚ БАҒЫТ КЕШЕНІ				
1	«Буллинг және кибербуллинг зияны және алдын алу жұмыстары»	Қазан	Психолог, декан орынбасары	1-4 курс студенттері

2	«Жағымды қарым-қатынастың психологиялық астарлары» кездесу	Қараша	Психолог, жатақхана қызметкерлері	Профессор-оқытушылар құрамы, бөлім қызметкерлері
3	«Үйлесімді тұлға стратегиясы» (студенттермен тренинг)	Желтоқсан	Психолог, жатақхана қызметкерлері	1-4 курс студенттері
IV. ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АЛДЫН-АЛУ ЖӘНЕ АҒARTY БАҒЫТЫ БОЙЫНША ШАРАЛАР КЕШЕНІ				
1	Кәмелет жасқа толмағандардың ата-аналарымен мінез-құлықтың, оларға зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша ағарту іс-шаралары	Қыркүйек	Психолог, институт директор орынбасарлары, декан орынбасарлары	Кәмелет жасқа толмаған студенттердің ата-аналары
2	«Ойынды өзгерту-өмірінді өзгерту!», сурет пен плакаттар конкурсы.	Қазан	Психолог, декан орынбасарлары	Академиялық топ кураторлары, студенттер
3	Буллинг тақырыбында топтық жұмыстар жүргізу	Жыл бойы		
V. ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ КЕҢЕС БЕРУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША ШАРАЛАР КЕШЕНІ				
1	18 жасқа толмаған студенттермен түсіндірме жұмыстарын жүргізу	Қыркүйек	Психолог	Студенттер, академиялық топ кураторлары
2	Жүргізілген психодиагностика қорытындысы бойынша білім алушыларға жеке кеңес беру	Мерзімдік	Психолог	Студенттер
3	Жеке сұраныстарына орай кеңес беру жұмыстары	Жыл бойы	Психолог	Студенттер, оқытушылар, қызметкерлер
4	Білім алушылармен жұмыс істеу барысында оқытушыларға жеке және топтық кеңес беру	Жыл бойы	Психолог	Оқытушылар және академиялық топ кураторлары
5	Жас мамандардың психологиялық білімін жетілдіру үшін кеңес беру	Мерзімдік	Психолог	Жас педагог мамандар
6	Жатақхана студенттерінің сұранысы бойынша кеңес беру	Жыл бойы	Психолог	Жатақхана студенттері

Әлеуметтік жұмыс басқармасы психологтары


Ш.Б.Буйембаева
С.Н.Момынова